

Лебяжі ауданының Лебяжі ауылдық округі Аққу ауылындағы көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Лебяжі ауданы Лебяжі ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 25 шілдедегі № 1-03/1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 24 тамызда № 5608 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, Лебяжі ауылдық округі Аққу ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2017 жылғы 30 мамырдағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Лебяжі ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Лебяжі ауданының Лебяжі ауылдық округі Аққу ауылындағы келесі көшелері:
"Степная" көшесі "Ынтымақ" көшесі болып;
"Энтузиастов" көшесі "Конституция" көшесі болып;
"Южная" көшесі "Тәуелсіздіктің 25 жылдығы" көшесі болып;
"30 лет Целины" көшесі "Ұлы Жеңіс" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Е. Балтабаев